

«Химия» пәнінен
жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар
9-сынып

Нұр-Сұлтан 2019

Әдістемелік ұсыныстар мұғалімге 9-сынып білім алушыларына «Химия» пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Әдістемелік ұсыныстар 9-сынып «Химия» пәні бойынша ұзақ мерзімді оқу бағдарламасы негізінде дайындалған. 9-сыныпта жиынтық бағалау 1,2,3 және 4-тоқсандарда өткізіледі.

Бөлім/ ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге Білім алушылардың тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсыныстарда бөлім / ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, жинақта білім алушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (рубрикалар) сипатталған. Дескрипторлары мен балдары бар тапсырмалар ұсыныс түрінде берілген.

Әдістемелік ұсыныс жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдеріне, мектеп әкімшілігіне, білім беру бөлімінің әдіскерлеріне, критериалды бағалау бойынша мектеп, өңірлік үйлестірушілеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Әдістемелік ұсыныстарды дайындау барысында ресми интернет-сайттағы қолжетімді ресурстар (суреттер, фотосуреттер, мәтіндер, аудио және бейнематериалдар) қолданылды.

МАЗМҰНЫ

I-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	4
9.1A «Электролиттік диссоциация» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	4
9.1B «Бейорганикалық қосылыстардың сапалық талдауы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	4
9.1C «Химиялық реакция жылдамдығы», 9.1D «Қайтымды реакциялар».....	11
бөлімдері бойынша жиынтық бағалау	11
II ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	18
9.2A «Тотығу-тотықсыздану реакциялары» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	18
9.2B «Металдар мен құймалар» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	25
9.2C «1 (I), 2 (II) және 13 (III) топ элементтері және олардың қосылыстары» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	31
III ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР.....	38
9.3A «17 (VII), 16 (VI), 15 (VI), 14 (IV) - топ элементтері және олардың қосылыстары» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.....	38
9.3B «Адам ағзасындағы химиялық элементтер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	45
IV ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР.....	50
9.4A «Органикалық химияға кіріспе» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	50
9.4C «Оттекті және азотты органикалық қосылыстар»	60
бөлімі бойынша жиынтық бағалау	60

I-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

9.1А «Электролиттік диссоциация» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты

- 9.4.1.4 Иондық және коваленттік полюсті байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациялану механизмін түсіндіру
- 9.4.1.6 Қышқыл, сілті, орта және қышқылдық тұздардың электролиттік диссоциациялану теңдеулерін құрастыру
- 9.2.2.1 Алмасу реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құрастыру
- 9.3.4.1 Қышқылдар, еритін және ерімейтін негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құрастыру
- 9.3.4.5 Орта тұз ерітіндісінің реакция ортасын болжау

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Иондық байланысы бар заттардың электролиттік диссоциация механизмін түсіндіреді
- Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластарының өкілдері үшін диссоциациялану үдерісінің реакция теңдеулерін құрастырады
- Нәтижесінде тұнба, газ және су түзілетін заттардың өзара әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастырады
- Қысқартылған иондық теңдеу бойынша молекулалық және толық иондық теңдеулерін құрастырады
- Ұсынылған сызба бойынша гидролизге ұшыраған тұздың құрамын анықтайды

Ойлау деңгейі

дағдыларының


Білу және түсіну
Қолдану

Орындау уақыты

20 минут

Тапсырма

4. (a) Төмендегі суретте көрсетілген процесті атаңыз: _____



- (b) Жоғарыда ұсынылған заттың химиялық байланыс түріне сәйкес диссоциациялану механизмін түсіндіріңіз:
-

2. Ұсынылған қосылыстардың мүмкін болатын электролиттік диссоциациялану теңдеулерін жазыңыз:



Қосылыстар	Химиялық реакция теңдеуі
Қышқыл	
Негіз	
Орта тұз	
Қышқылдық тұз	


3. Берілген заттардың ішінен реакция нәтижесінде тұнба, газ және су түзілетін реакцияны анықтай отырып, молекулалық, иондық және қысқартылған теңдеулерін жазыңыз:


натрий гидроксиді, азот қышқылы, темір (III) хлориді, калий карбонаты.


Реагент 1	Реагент 2	Химиялық реакция теңдеулері

4. Берілген қысқартылған иондық теңдеуге сәйкес келетін молекулалық және толық иондық теңдеу құрыңыз:











5. Төменгі сызбада тұздың гидролизі көрсетілген. Оның құрамын болжаңыз:



(i) Қосылысты анықтаңыз:

Катион: _____

Анион: _____

Қосылыстың атауы мен формуласы: _____

(ii) Өз жауабыңызды гидролиздің молекулалық және иондық теңдеулерімен растаңыз:

(iii) Осы тұз ерітіндісінің ортасын анықтаңыз:

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Иондық байланысы бар заттардың электролиттік диссоциация механизмін түсіндіреді	1	суретте көрсетілген процесті атайды;	1
		су молекулаларының полярлығы тұрғысынан суретте бейнеленген механизмге түсініктеме береді;	1
		кристалл тордағы байланыстардың үзілуі тұрғысынан суретте бейнеленген механизмге түсініктеме береді.	1
Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластарының өкілдері үшін диссоциациялану үдерісінің реакция теңдеулерін құрастырады	2	ұсынылған тізімнен қышқылдың диссоциациялану теңдеуін құрастырады;	1
		ұсынылған тізімнен негіздің диссоциациялану теңдеуін құрастырады;	1
		ұсынылған тізімнен орта тұздың диссоциациялану теңдеуін құрастырады;	1
		ұсынылған тізімнен қышқылдық тұздың диссоциациялану теңдеуін құрастырады.	1
Нәтижесінде тұнба, газ және су түзілетін заттардың өзара әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастырады	3	тұнбаның түзілуінің молекулалық, иондық және қысқартылған иондық теңдеулерін құрастырады;	1
		газдың түзілуінің молекулалық, иондық және қысқартылған иондық теңдеулерін құрастырады;	1
		судың түзілуінің молекулалық, иондық және қысқартылған иондық теңдеулерін құрастырады.	1
Қысқартылған иондық теңдеу бойынша молекулалық және толық иондық теңдеу құрайды	4	(a) қысқартылған теңдеуі бойынша молекулалық және толық иондық теңдеуін құрастырады;	1
		(b) қысқартылған теңдеуі бойынша молекулалық және толық иондық теңдеуін құрастырады;	1
		(c) қысқартылған теңдеуі бойынша молекулалық және толық иондық теңдеуін құрастырады;	1
		(d) қысқартылған теңдеуі бойынша молекулалық және толық иондық теңдеуін құрастырады.	1
Ұсынылған сызба бойынша гидролизге ұшыраған тұздың құрамын анықтайды	5	белгісіз тұздың катионын анықтайды;	1
		белгісіз тұздың анионын анықтайды;	1
		тұздың құрамын және атауын жазады;	1
		гидролиздің иондық теңдеуін құрастырады;	1
		гидролиздің молекулалық теңдеуін құрастырады;	1
		тұз ерітіндісінің ортасын анықтайды.	1
Барлығы			20

**9.1А «Электролиттік диссоциация» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Иондық байланысы бар заттардың электролиттік диссоциация механизмін түсіндіреді	Иондық байланыс түрімен электролиттік диссоциация механизмін түсіндіруде қиналады ☐	Процесті анықтауда/байланыстардың үзілуі тұрғысынан суретте бейнеленген механизмге түсініктеме беруде қателіктер жібереді ☐	Иондық байланыс түрімен электролиттік диссоциация механизмін атайды және түсіндіреді ☐
Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластарының өкілдері үшін диссоциациялану үдерісінің реакция теңдеулерін құрастырады	Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластарының өкілдері үшін диссоциациялану үдерісінің реакция теңдеулерін құрастыруда қиналады ☐	Қышқылдың / негіздің / орта тұздың /қышқылдық тұздың диссоциациялау теңдеуін құрастыруда қателіктер жібереді ☐	Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластарының өкілдері үшін диссоциациялану үдерісінің реакция теңдеулерін құрастырады ☐
Нәтижесінде тұнба, газ және су түзілетін заттардың өзара әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастырады	Нәтижесінде тұнба, газ және су түзілетін заттардың өзара әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастыруда қиналады ☐	Тұнбаның /газдың /судың түзілуінің молекулалық, иондық және қысқартылған иондық теңдеулерін құрастыруда қателіктер жібереді ☐	Нәтижесінде тұнба, газ және су түзілетін заттардың өзара әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастырады ☐

Қысқартылған иондық теңдеу бойынша молекулалық және толық иондық теңдеулерін құрастырады	Қысқартылған иондық теңдеу бойынша молекулалық және толық иондық теңдеулерін құрастыруда қиналады. ☐	Қысқартылған теңдеуі бойынша ерімейтін кремний қышқылының/ алюминий тұзының сулы ерітіндісінің / су / көміртек диоксидінің молекулалық және толық иондық теңдеуін құрастыруда қателіктер жібереді ☐	Қысқартылған иондық теңдеу бойынша молекулалық және толық иондық теңдеулерін құрастырады ☐
Ұсынылған сызба бойынша гидролизге ұшыраған тұздың құрамын анықтайды	Сызба бойынша гидролизге ұшыраған тұздың құрамын анықтауда қиналады ☐	Белгісіз тұздың катионын/ анионын анықтауда/ тұздың құрамын және атауын атағанда/гидролиздың иондық/ молекулалық теңдеулерін құрастырғанда/ тұз ерітіндісінің ортасын анықтауда қателіктер жібереді ☐	Ұсынылған сызба бойынша гидролизге ұшыраған тұздың құрамын анықтайды ☐

9.1В «Бейорганикалық қосылыстардың сапалық талдауы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты

- 9.4.1.8 Li^+ , Na^+ , K^+ , Ca^{2+} , Sr^{2+} , Ba^{2+} , Cu^{2+} металл катиондарын анықтау үшін жалын түсінің боялу реакциясын жүргізу және сипаттау
- 9.4.1.9 Fe^{2+} , Fe^{3+} , Cu^{2+} катиондарын анықтау үшін сапалық реакция жүргізу
- 9.4.1.10 Хлорид-, бромид-, йодид-, сульфат, карбонат-, фосфат-, нитрат-, силикат- иондарына сапалық реакцияларды тәжірибе жүзінде жүргізу және ион алмасу реакцияларын бақылап нәтижесін сипаттау
- 9.4.1.11 Белгісіз заттардағы катион және аниондарды анықтау тәжірибесінің жоспарын құру және оны практикада жүзеге асыру;
- 9.2.3.1 Әрекеттесуші заттардың біреуі артық берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер жүргізу.

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Металл катиондарының сапалық сипаттамаларын анықтайды
- Fe^{2+} , Fe^{3+} , Cu^{2+} тұздарынан түзілетін ерімейтін қосылыстардың түсі мен құрамын көрсетеді
- Ұсынылған аниондарды анықтайтын реагенттерді анықтайды, қысқартылған иондық теңдеулерін құрастырады, қосылыстардың түстерін көрсетеді
- Эксперименттік деректерді бағалайды және белгісіз заттың құрамын анықтайды
- Химиялық реакция кезінде түзілетін тұнбаның массасын есептейді

Ойлау деңгейі

дағдыларының

Білу және түсіну/
Қолдану

Орындау уақыты

20 минут

Тапсырма


1. Отшашуларда әр түрлі түстерді шығару үшін металдардың тұздарын қолданады. Жалынның боялуы «Құрғақ тәсіл» әдістерінің бірі металл катиондарына сапалық реакция болып табылады. Берілген суреттегі отшашудан Na^+ , Ba^{2+} , Ca^{2+} иондарының түстерін анықтаңыздар:



сары	сары - жасыл	қызыл кірпіш
------	--------------	--------------

--	--	--

2. Химиялық стақандарда Cu^{2+} , Fe^{3+} және Fe^{2+} иондарының тұз ерітінділері берілген. Стақандардағы тұз ерітінділеріне бірнеше тамшы NaOH ерітіндісін тамызғанда тұнба түзіледі. Cu^{2+} , Fe^{3+} және Fe^{2+} тұнбаларының түстерін анықтаңыз:



	Cu^{2+}	Fe^{3+}	Fe^{2+}
Түсі			
Құрамы			

3. Ұсынылған иондарға сапалық реакцияны анықтайтын реагенттер мен қысқартылған иондық теңдеулерін жазыңыз және түрлі - түсті қаламдарды пайдалана отырып реакция нәтижесінде байқалатын өзгерістерді бояңыз:

Иондар	Аниондарды анықтайтын реагенттер	Қысқартылған иондық теңдеу	Байқалған өзгерістер нәтижесі
I^-			
SO_4^{2-}			
Br^-			
PO_4^{3-}			
CO_3^{2-}			
NO_3^-			

Cl^-			
SiO_3^{2-}			


4. Зертханада белгісіз заттың сулы ерітіндісі дайындалды. Алынған ерітіндіге бірнеше миллилитр натрий гидроксидінің ерітіндісін және алюминий фольгасының бірнеше бөлігін қосып, алынған қоспаны спиртшам жалынының үстінен қыздырды. Нәтижесінде өткір иісі бар газ пайда болды. Ылғал қызғылт лакмус қағазын бөлінген газы бар сынауыққа салған кезде көк түске боялды. Белгісіз құрғақ заттың бір бөлігін жанарғының жалынына апарғанда жалын сары-жасыл түске боялды.

(i) Сапалық талдау нәтижесінде анықталған затты анықтаңыз.

Катион	
Анион	

- (ii) Тұздың формуласы және атауы: _____
Берілген ерітіндідегі катионды қандай сапалық реакцияның көмегімен анықтауға болатынын көрсетіңіз?

5. Құрамында 11,1 г кальций хлориді және 35 г қорғасын (II) нитраты бар екі ерітіндіні қосқанда түсетін тұнбаның массасын есептеңіз:



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Бал л
		Білім алушы	
Метал катиондарының сапалық сипаттамаларын анықтайды	1	отшашуға сары түс беретін катионды анықтайды;	1
		отшашуға жасыл - сары түс беретін катионды анықтайды;	1
		отшашуға қызыл - қоңыр түс беретін катионды анықтайды;	1
Fe ²⁺ , Fe ³⁺ , Cu ²⁺ тұздарынан түзілетін ерімейтін қосылыстардың түсі мен құрамын көрсетеді	2	Cu ²⁺ тұзынан түзілетін тұнбаның түсі мен құрамын көрсетеді;	1
		Fe ³⁺ тұзынан түзілетін тұнбаның түсі мен құрамын көрсетеді;	1
		Fe ²⁺ тұзынан түзілетін тұнбаның түсі мен құрамын көрсетеді;	1
Ұсынылған аниондарды анықтайтын реагенттерді анықтайды, қысқартылған иондық теңдеулерін құрастырады, қосылыстардың түстерін көрсетеді	3	I ⁻ анионын анықтайтын реагентті анықтайды, қысқартылған иондық теңдеуін құрастырады және нәтижесінде байқалатын өзгерістерді түстердің көмегімен көрсетеді;	1
		SO ₄ ²⁻ анионын анықтайтын реагентті анықтайды, қысқартылған иондық теңдеуін құрастырады және нәтижесінде байқалатын өзгерістерді түстердің көмегімен көрсетеді;	1
		Br ⁻ анионын анықтайтын реагентті анықтайды, қысқартылған иондық теңдеуін құрастырады және нәтижесінде байқалатын өзгерістерді түстердің көмегімен көрсетеді;	1
		PO ₄ ³⁻ анионын анықтайтын реагентті анықтайды, қысқартылған иондық теңдеуін құрастырады және нәтижесінде байқалатын өзгерістерді түстердің көмегімен көрсетеді;	1
		CO ₃ ²⁻ анионын анықтайтын реагентті анықтайды, қысқартылған иондық теңдеуін құрастырады және нәтижесінде байқалатын өзгерістерді түстердің көмегімен көрсетеді;	1
		NO ₃ ⁻ анионын анықтайтын реагентті анықтайды, қысқартылған иондық теңдеуін құрастырады және нәтижесінде байқалатын өзгерістерді түстердің көмегімен көрсетеді;	1
		Cl ⁻ анионын анықтайтын реагентті анықтайды, қысқартылған иондық теңдеуін құрастырады және нәтижесінде байқалатын өзгерістерді түстердің көмегімен көрсетеді;	1

		SiO ₃ ²⁻ анионын анықтайтын реагентті анықтайды, қысқартылған иондық теңдеуін құрастырады және нәтижесінде байқалатын өзгерістерді түстердің көмегімен көрсетеді;	1
Эксперименттік деректерді бағалайды және белгісіз заттың құрамын сәйкестендіреді	4	эксперименттік деректер бойынша белгісіз тұздың катионын және анионын анықтайды;	1
		тұздың формуласын құрастырады және атауын береді;	1
		ерітіндідегі тұз катионын анықтайтын қысқартылған иондық теңдеуін құрастырады және нәтижесін болжайды;	1
Химиялық реакция кезінде түзілетін тұнбаның массасын есептейді	5	теңестірілген химиялық реакция теңдеуін құрастырады;	1
		әрекеттесуші заттардың зат мөлшерін есептейді;	1
		тұнбаның массасын есептейді.	1
Барлығы			20

**9.1В «Бейорганикалық қосылыстардың сапалық талдауы» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Металдардың катиондарын сапалық сипаттамаларын анықтайды	Металдардың катиондарын анықтаудың сапалық сипаттамаларын анықтауда қиналады. ☐	Отшашуға сары түс/жасыл - сары/ қызыл - қоңыр түс беретін катионды анықтауда қателіктер жібереді. ☐	Металдардың катиондарын сапалық сипаттамаларын анықтайды. ☐
Fe^{2+} , Fe^{3+} , Cu^{2+} тұздарынан түзілетін ерімейтін қосылыстардың түсі мен құрамын көрсетеді	Fe^{2+} , Fe^{3+} , Cu^{2+} тұздарынан түзілетін ерімейтін қосылыстардың түсі мен құрамын анықтауда қиналады. ☐	Cu^{2+} / Fe^{3+} / Fe^{2+} тұзынан түзілетін тұнбаның түсі мен құрамын көрсетуде қателіктер жібереді. ☐	Fe^{2+} , Fe^{3+} , Cu^{2+} тұздарынан түзілетін ерімейтін қосылыстардың түсі мен құрамын көрсетеді. ☐
Ұсынылған аниондарды анықтайтын реагенттерді анықтайды, қысқартылған иондық теңдеулерін құрастырады, қосылыстардың түстерін көрсетеді	Аниондарды анықтайтын реагенттерді анықтауда, қысқартылған иондық теңдеулерін құрастыруда, қосылыстардың түстерін көрсетуде қиналады. ☐	I^- / SO_4^{2-} / Br^- / PO_4^{3-} / CO_3^{2-} / NO_3^- / Cl^- / SiO_3^{2-} аниондарын анықтайтын реагентті анықтауда/қысқартылған иондық теңдеуін құрастыруда/байқалатын өзгерістерді түстердің көмегімен көрсетуде қателіктер жібереді. ☐	Аниондарды анықтайтын реагенттерді анықтайды, қысқартылған иондық теңдеулерін құрастырады, қосылыстардың түстерін көрсетеді. ☐

Эксперименттік деректерді бағалайды және белгісіз заттың құрамын сәйкестендіреді	Эксперименттік деректерді бағалайды және белгісіз заттың құрамын анықтауда қиналады. ☐	Эксперименттік деректер бойынша белгісіз тұздың катионын/анионын анықтауда/ тұздың формуласын құрастыруда және атауын беруде/ ерітіндідегі тұз катионын анықтайтын қысқартылған иондық теңдеуін құрастыруда және нәтижесін сәйкестендіруде қателіктер жібереді. ☐	Эксперименттік деректерді бағалайды және белгісіз заттың құрамын сәйкестендіреді. ☐
Химиялық реакция кезінде түзілетін тұнбаның массасын есептейді	Химиялық реакция кезінде түзілетін тұнбаның массасын есептеуде қиналады. ☐	Теңестірілген химиялық реакция теңдеуін құрастыруда/ әрекеттесуші заттардың зат мөлшерін/тұнбаның массасын есептеуде қателіктер жібереді. ☐	Химиялық реакция кезінде түзілетін тұнбаның массасын есептейді. ☐

**9.1C «Химиялық реакция жылдамдығы», 9.1D «Қайтымды реакциялар»
бөлімдері бойынша жиынтық бағалау**

Оқу мақсаты

- 9.3.2.1 Реакция жылдамдығы ұғымын түсіндіру
- 9.3.2.2 Реакция жылдамдығына әсер ететін факторларды анықтау және оны бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру
- 9.3.3.1 Қайтымды және қайтымсыз реакцияларды білу;
- 9.3.3.2 Тепе-теңдікті динамикалық үдеріс ретінде сипаттау және Ле-Шателье-Браун принципі бойынша химиялық тепе-теңдіктің ығысуын болжау
- 9.3.3.3 Химиялық тепе – теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлар өзгерісінің әсерін түсіну және ажырату.

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Жылдамдық тұрғысынан химиялық реакцияның өту принципін ажыратады
- Бөлшектер теориясы тұрғысынан химиялық реакцияның жылдамдығына әсер ететін факторларды анықтайды
- Қайтымды және қайтымсыз химиялық процестерді жіктейді
- Сыртқы факторлар өзгерген кезде химиялық реакцияның жылдамдығының өзгеруін болжайды
- Химиялық тепе-теңдікті өнімнің түзілу жағына қарай жылжытуға қабілетті факторларды көрсетеді

Ойлау деңгейі

дағдыларының

Білу және түсіну
Қолдану
Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты

20 минут

Тапсырма


1. Химиялық реакция: $A + B = C$ сызбанұсқасы бойынша жүреді.

(a) Реакция кезінде А және В заттарының концентрациялары қалай өзгереді?

(b) А және В заттары қатты заттар екені белгілі болса, берілген реакцияны температураны өзгертпей қалай жылдамдатуға болады?

2. Кальций карбонаты және тұз қышқылы әрекеттесуі нәтижесінде көмір қышқыл газы бөлінеді.

(a) Химиялық процестің реакция теңдеуін құрастырыңыз:



(b) Реагенттердің толық жұмсалуына қажет уақытты жоғарыдағы графиктен анықтаңыз:


(c) Реакция аяқталуына байланысты реакция жылдамдығының төмендеуін, бөлшектер теориясы тұрғысынан түсіндіріңіз:

3. Ұсынылған үрдістерді қайтымды және қайтымсыз деп жіктеңіз:

A	Аммиак өндірісі
B	Қышқылдық жаңбырдың әсерінен сәулет құрылыстарының бұзылуы
C	Тағамдардың ашуы
D	Бейтараптану реакциясы

1	2
Қайтымды үрдістер	Қайтымсыз үрдістер

4. Химиялық реакцияның жылдамдығына әсер ететін факторлар бар.




(a) Суретте химиялық реакцияның жылдамдығына әсер ететін қандай фактор көрсетілгенін анықтаңыз:

(b) Барлық үрдістер үшін пайдаланылуға болатынын түсіндіріңіз:

(c) i) жоғарыда көрсетілген фактордың өзгеруі химиялық реакция жылдамдығының артуына қалай әсер ететінін болжаңыз:

ii) жүйе тепе-тең және гомогенді болған жағдайда жоғарыда көрсетілген фактор жоғарылаған кезде ығысуды болжаңыз:

5. Тепе-теңдікті ($V_{\text{өнім}}$) реакция өнімдеріне қарай ығыстыруға қабілетті факторларды көрсетіңіз:



(b) Салқындату тепе-теңдік күйіне және келесі реакцияларда өнімдердің шығымына қалай әсер етеді? Осы өзгерістерді болжап, кестеге жауаптарды солға, оңға / $V(\text{өн}) \geq / \leq V(\text{түз})$ үлгісінде енгізіңіз:

№	Үрдіс	Салқындату әсері
1	$2\text{SO}_{3(\text{r})} \leftrightarrow 2\text{SO}_{2(\text{r})} + \text{O}_{2(\text{r})} - Q$	
2	$\text{H}_{2(\text{r})} + \text{I}_{2(\text{r})} \leftrightarrow 2\text{HI}_{(\text{r})} + Q$	
3	$\text{N}_{2(\text{r})} + \text{O}_{2(\text{r})} \leftrightarrow 2\text{NO}_{(\text{r})} - Q$	
4	$2\text{NO}_{(\text{r})} + \text{O}_{2(\text{r})} \leftrightarrow 2\text{NO}_{2(\text{r})} + Q$	
5	$\text{C}_{(\text{к})} + 2\text{Cl}_{2(\text{r})} \leftrightarrow \text{CCl}_{4(\text{r})} + Q$	

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Жылдамдық тұрғысынан химиялық реакцияның өту принципін түсінеді	1	концентрацияның өзгеруі тұрғысынан химиялық реакцияның жылдамдығының өзгеруін көрсетеді;	1
		қатты реагенттер үшін химиялық реакцияны жылдамдату әдісін ұсынады;	1
Бөлшектер теориясы тұрғысынан химиялық реакцияның жылдамдығына әсер ететін факторларды анықтайды	2	кальций карбонаты мен тұз қышқылының арасындағы теңестірілген реакция теңдеуін құрастырады;	1
		реагенттерді толық жұмсау үшін кесте бойынша уақытты белгілейді;	1
		реагенттердің шығыны тұрғысынан химиялық реакцияның жылдамдығын азайту себебін түсіндіреді;	1
		өнімнің түзілуі тұрғысынан химиялық реакцияның жылдамдығының азаю себебін түсіндіреді;	1
Қайтымды және қайтымсыз химиялық үрдістерді жіктейді	3	ұсынылған тізбеден қайтымсыз үрдістерді анықтайды;	1
		ұсынылған тізбеден қайтымды үрдістерді анықтайды;	1
Сыртқы факторлар өзгерген кезде химиялық реакцияның жылдамдығының өзгеруін болжайды	4	суретте көрсетілген реакция жылдамдығына әсер ететін факторды анықтайды;	1
		реагенттердің агрегаттық күйін ескере отырып, факторлардың (а) қолданылуын түсіндіреді;	1
		факторлардың өзгеруі (а) химиялық реакцияның жылдамдығын арттырады деп болжайды;	1
		факторлар (а) жүйеге көтерілген кезде химиялық тепе-теңдіктің ығысуын болжайды;	1
Химиялық тепе-теңдікті өнімнің түзілу жағына қарай жылжытуға қабілетті факторларды көрсетеді	5a	реагенттер/өнімдер концентрациясын ескере отырып, реакция өнімдеріне (V _{өн}) қарай ығысатын тепе-теңдік факторын көрсетеді;	1
		жүйедегі температураның жоғарылауын/төмендеуін есепке ала отырып, реакция өнімдеріне (V _{өн}) қарай ығысатын тепе-теңдік факторын көрсетеді;	1
		жүйедегі қысымның жоғарылауын/төмендеуін есепке ала отырып, реакция өнімдеріне (V _{өн}) қарай ығысатын тепе-теңдік факторын көрсетеді;	1

	5b	№1 процесс үшін салқындату кезінде (-Q) химиялық тепе-теңдіктің ығысуын анықтайды;	1
		№2 процесс үшін салқындату кезінде (-Q) химиялық тепе-теңдіктің ығысуын анықтайды;	1
		- №3 процесс үшін салқындату кезінде (-Q) химиялық тепе-теңдіктің ығысуын анықтайды;	1
		- №4 процесс үшін салқындату кезінде (-Q) химиялық тепе-теңдіктің ығысуын анықтайды;	1
		- №5 процесс үшін салқындату кезінде (-Q) химиялық тепе-теңдіктің ығысуын анықтайды.	1
Барлығы			20

9.1С «Химиялық реакция жылдамдығы» және 9.1D «Қайтымды реакциялар» бөлімдері бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Жылдамдық тұрғысынан химиялық реакцияның өту принципін түсінеді	Жылдамдық тұрғысынан химиялық реакцияның өту принципін түсіндіргенде қиналады. ☐	Концентрацияның өзгеруі тұрғысынан химиялық реакцияның жылдамдығының өзгеруін көрсеткенде/ -қатты реагенттер үшін химиялық реакцияны жылдамдату әдісін ұсынғанда қателіктер жібереді. ☐	Жылдамдық тұрғысынан химиялық реакцияның өту принципін түсінеді. ☐
Бөлшектер теориясы тұрғысынан химиялық реакцияның жылдамдығына әсер ететін факторларды анықтайды	Бөлшектер теориясы тұрғысынан химиялық реакцияның жылдамдығына әсер ететін факторларды анытауда қиналады. ☐	Кальций карбонаты мен тұз қышқылының арасындағы теңестірілген реакция теңдеуін құрастырғанда/реагенттерді толық жұмсау үшін кесте бойынша уақытты белгілегенде/реагенттердің шығыны тұрғысынан химиялық реакцияның жылдамдығын азайту себебін түсіндіргенде/өнімнің түзілуі тұрғысынан химиялық реакцияның жылдамдығының азаю себебін түсіндіргенде қателіктер жібереді. ☐	Бөлшектер теориясы тұрғысынан химиялық реакцияның жылдамдығына әсер ететін факторларды анықтайды. ☐
Қайтымды және қайтымсыз химиялық үрдістерді жіктейді	Қайтымды және қайтымсыз химиялық үрдістерді жіктегенде қиналады. ☐	Ұсынылған тізбеден қайтымсыз/қайтымд үрдістерді анықтағанда қателіктер жібереді. ☐	Қайтымды және қайтымсыз химиялық үрдістерді жіктейді. ☐

Сыртқы факторлар өзгерген кезде химиялық реакцияның жылдамдығының өзгеруін болжайды	Сыртқы факторлар өзгерген кезде химиялық реакцияның жылдамдығының өзгеруін болжағанда қиналады. ☐	Суретте көрсетілген реакция жылдамдығына әсер ететін факторды анықтағанда/реагенттердің агрегаттық күйін ескере отырып, факторды (а) қолданылуын түсіндіргенде/ фактордың өзгеруі (а) химиялық реакцияның жылдамдығын арттыратындығын болжағанда /факторларды (а) жүйеге көтерілген кезде химиялық тепе-теңдіктің ығысуын болжағанда қателіктер жібереді. ☐	Сыртқы факторлар өзгерген кезде химиялық реакцияның жылдамдығының өзгеруін болжайды ☐
Химиялық тепе-теңдікті өнімнің түзілу жағына қарай жылжытуға қабілетті факторларды көрсетеді	Әртүрлі факторлардың әсерінен химиялық тепе-теңдіктің ығысу бағытын анықтауға қиналады. ☐	Реагенттер/өнімдер концентрациясын ескере отырып, реакция өнімдеріне ($V_{\text{өн}}$) қарай ығысатын тепе-теңдік факторын көрсеткенде/жүйедегі температураның/қысымның жоғарылауын/төмендеуін есепке ала отырып реакция өнімдеріне ($V_{\text{өн}}$) қарай ығысатын тепе-теңдік факторын көрсеткенде/№1/№2/№3/№4/№5 процесс үшін салқындату кезінде ($-Q$) химиялық тепе-теңдікті ығысатынын болжағанда қателіктер жібереді. ☐	Әртүрлі факторлардың әсерінен химиялық тепе-теңдіктің ығысу бағытын анықтайды. ☐

II ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

9.2А «Тотығу-тотықсыздану реакциялары» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты

- 9.2.2.3 Тотығу дәрежесін табудың ережесін білу және қолдану
- 9.2.2.4 Тотығу және тотықсыздану үдерістері бір–бірімен байланысты екенін және бір мезгілде жүретіндігін түсіну
- 9.2.2.5 Тотығу-тотықсыздану реакцияларын тотығу дәрежесі өзгере жүретін реакциялар ретінде түсіну
- 9.2.2.6 Тотығу процесін электронды беру, ал тотықсыздану-электронды қосып алу деп түсіну
- 9.2.2.7 Электрондық баланс әдісімен тотығу-тотықсыздану реакцияларының коэффициенттерін қою

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Электрондарды беру мен алу тұрғысынан тотығу және тотықсыздану үрдістерін жіктейді
- Бір мезгілде қарама-қарсы жүретін үрдістер ретінде тотығу және тотықсыздану мәнін анықтайды
- Реагенттер мен өнімдер құрамындағы элементтердің тотығу дәрежесін анықтайды
- Жартылай реакция әдісімен электронды балансты құрастырады және тотығу-тотықсыздану үрдісінің жиынтық теңдеуін теңестіреді
- Қосылыстардың тотығу қабілеттерін бағалайды.

Ойлау дағдыларының деңгейі Білу және түсіну/ Қолдану

Орындау уақыты 20 минут




Тапсырма

1. Электронды беру үрдісі қалай аталады?

- A. Тотықсыздану
B. Тотығу
C. Тотығу-тотықсыздану
D. Айырылу

2. Назарларыңызға найзағайдың әсерінен жүруі мүмкін реакциялар ұсынылған.

Қай қатардағы жауап реагент молекулаларында болып жатқан процестерді дұрыс көрсетеді?



	N ₂	NO	O ₃
A	тотығу	тотығу	тотығу
B	тотығу	тотығу	тотықсыздану
C	тотықсыздану	тотықсыздану	тотығу
D	тотықсыздану	тотықсыздану	тотықсыздану

3. Тотығу үдерісіне сәйкес келетін тұжырым:

	Тұжырым
1	Тотығу дәрежесі өседі
2	Сутектің мөлшері артып, оттектің мөлшері кемиді
3	Оттектің мөлшері артып, сутектің мөлшері кемиді

A. 1,2 және 3

B. 1 және 3

C. 2 және 3

D. тек қана 3



(a) Теңдеудегі заттардың үстіне тотығу дәрежелерін көрсетіңіз:

(b) (i) Құрамындағы атомдары тотықтырғыш және тотықсыздандырғыш қасиет көрсететін реагенттерді анықтаңыз:

Тотықтырғыш _____

Тотықсыздандырғыш _____

(ii) тотығу дәрежесін пайдалана отырып, тотықтырғыштың атауын жазыңыз:

(c) электрондық баланс әдісі арқылы:

тотығу процесінің теңдеуін жазыңыз:


тотықсыздану процесінің теңдеуін жазыңыз:

(d) Тотығу – тотықсыздану процесінің теңдеулерін қолдана отырып, реакцияның молекулалық теңдеуін жазып, теңестіріңіз:

(e) Тотығу және тотықсыздану процесіне электрондарды қосып немесе беріп жіберу тұрғысынан анықтама беріңіз:

5. Төменде хром (II) оксидінің, CrO айналымы көрсетілген.

(a) Кестені толтырыңыз:



№	Орын алған үрдіс	Аталуы
A		
B	$\text{Cr}^{2+} - 4\bar{e} \rightarrow \text{Cr}^{6+}$	Тотығу
C		
D		

(b) Қандай үрдісте хром (II) оксиді тотықтырғыштық қасиет көрсетеді?


A. D

B. C

C. B

D. A

(c) Хром (III) оксидіндегі хромның тотығу дәрежесі аралық мәнге ие болғандықтан тотықтырғышта, тотықсыздандырғышта қандай қасиет көрсетеді?





i. Қосылыстың формуласын жазыңыз:

Тотықтырғыш: _____

Тотықсыздандырғыш: _____

ii. Төменде хром (III) оксидінің химиялық қасиеті көрсетілген. Тотығу - тотықсыздану реакцияларын анықтаңыз:



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Электрондарды беру мен алу тұрғысынан тотығу және тотықсыздану үрдістерін жіктейді	1	электронды беру үрдісін анықтайды;	1
Бір мезгілде қарама-қарсы жүретін үрдістер ретінде тотығу және тотықсыздану мәнін анықтайды	2	найзағай кезінде атмосферада болатын химиялық реакциялар бойынша реагенттердің тотығу және тотықсыздану үрдістерін белгілейді;	1
Реагенттер мен өнімдер құрамындағы элементтердің тотығу дәрежесін анықтайды	3	тотығу дәрежесінің кемуі/ артуы бойынша тотығу үрдісін анықтайды;	1
		сутектің/ оттектің мөлшері кемуі, артуы бойынша тотығу үрдісін анықтайды;	1
Жартылай реакция әдісімен электронды балансты құрастырады және тотығу-тотықсыздану үрдісінің жиынтық теңдеуін теңестіреді	4	реагенттер мен реакция өнімдерінің тотығу дәрежесін анықтайды;	1
		тотықтырғыш рөлін атқаратын реагентті анықтайды;	1
		тотықсыздандырғыш рөлін атқаратын реагентті анықтайды;	1
		тотықсыздану үрдісінің жартылай теңдеуін құрастырады;	1
		тотығу үрдісінің жартылай теңдеуін құрастырады;	1
		толық молекулалық реакция теңдеуін құрастырады;	1
		тотығу және тотықсыздану үрдістерінің жартылай реакция теңдеулерін ескере отырып, коэффициенттерді қояды;	1
		тотығу-тотықсыздану үрдісінің анықтамасын жазады;	1
Қосылыстардың тотығу қабілеттерін бағалайды;	5	келтірілген сызба бойынша А үрдісті анықтайды;	1
		келтірілген сызба бойынша С үрдісті анықтайды;	1
		келтірілген сызба бойынша D үрдісті анықтайды;	1
		қандай үрдісте хром (II) оксиді тотықтырғыштық қасиет көрсететіндігін анықтайды;	1
		келтірілген процестен Cr_2O_3 потенциалын бағалайды және тотықсыздандырғыштың рөлін анықтайды;	1
		келтірілген процестен Cr_2O_3 потенциалын бағалайды және тотықтырғыштың рөлін анықтайды;	1
		Cr_2O_3 химиялық айналулар тізімінен тотықтырғыштың рөлін көрсете отырып, реакцияны анықтайды;	1
		Cr_2O_3 химиялық айналулар тізімінен	1

		тотықсыздандырғыштың ролін көрсете отырып, реакцияны анықтайды.	
Барлығы			20

**9.2А «Тотығу-тотықсыздану реакциялары» бөлімі бойынша
жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Электрондарды беру мен алу тұрғысынан тотығу және тотықсыздану үрдістерін жіктейді	Электрондарды беру мен алу тұрғысынан тотығу және тотықсыздану үрдістерін жіктегенде қиналады. ☐	Электронды беру үрдісін анықтағанда қателіктер жібереді. ☐	Электрондарды беру мен алу тұрғысынан тотығу және тотықсыздану үрдістерін жіктейді. ☐
Бір мезгілде қарама-қарсы жүретін үрдістер ретінде тотығу және тотықсыздану мәнін анықтайды	Бір мезгілде қарама-қарсы жүретін үрдістер ретінде тотығу және тотықсыздану мәнін анықтағанда қиналады. ☐	Найзағай кезінде атмосферада болатын химиялық реакциялар бойынша реагенттердің тотығу және тотықсыздану үрдістерін белгілегенде қателіктер жібереді. ☐	Бір мезгілде қарама-қарсы жүретін үрдістер ретінде тотығу және тотықсыздану мәнін анықтайды. ☐
Реагенттер мен өнімдер құрамындағы элементтердің тотығу дәрежесін анықтайды	Реагенттер мен өнімдер құрамындағы элементтердің тотығу дәрежесін анықтағанда қиналады. ☐	Тотығу дәрежесінің кемуі/ артуы бойынша тотығу үрдісін анықтағанда/сутектің/ оттектің мөлшері кемуі/артуы бойынша тотығу үрдісін анықтағанда қателіктер жібереді. ☐	Реагенттер мен өнімдер құрамындағы элементтердің тотығу дәрежесін анықтайды. ☐

Жартылай реакция әдісімен электронды балансты құрастырады және тотығу-тотықсыздану үрдісінің жиынтық теңдеуін теңестіреді	Жартылай реакция әдісімен электронды балансты құрастырғанда және тотығу-тотықсыздану үрдісінің жиынтық теңдеуін теңестіргенде қиналады. ☐	Реагенттер мен реакция өнімдерінің тотығу дәрежесін /тотықтырғыш/ тотықсыздандырғыш рөлін атқаратын реагентті анықтағанда/тотықсыздану/тотығу үрдісінің жартылай теңдеуін құрастырғанда/ толық молекулалық реакция теңдеуін құрастырғанда/ тотығу және тотықсыздану үрдістерінің жартылай реакция теңдеулерін ескере отырып, коэффициенттерді қойғанда/ тотығу-тотықсыздану үрдісінің анықтамасын жазғанда қателіктер жібереді. ☐	Жартылай реакция әдісімен электронды балансты құрастырады және тотығу-тотықсыздану үрдісінің жиынтық теңдеуін теңестіреді. ☐
Қосылыстардың тотығу қабілеттерін бағалайды	Қосылыстардың тотығу қабілеттерін бағалағанда қиналады. ☐	Келтірілген сызба бойынша А/С/ D үрдісті анықтағанда/ қандай үрдісте хром (II) оксиді тотықтырғыштық қасиет көрсететіндігін анықтағанда/келтірілген процестен Cr_2O_3 потенциалын бағалайды /тотықсыздандырғыштың/тотықтырғыштың рөлін анықтағанда/ Cr_2O_3 химиялық айналулар тізімінен тотықтырғыштың/тотықсыздандырғыштың рөлін көрсете отырып, реакцияны анықтағанда қателіктер жібереді. ☐	Қосылыстардың тотығу қабілеттерін бағалайды. ☐

9.2В «Металдар мен құймалар» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты

- 9.1.4.1 Металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып металдардың қасиетін түсіндіре алу
- 9.1.4.2 Металдарға тән физикалық және химиялық қасиеттерді сипаттау және металл атомдарының тек тотықсыздандырғыш қасиет көрсететінін түсіндіру
- 9.1.4.3 Құйма ұғымын және оның артықшылықтарын білу
- 9.1.4.4 Шойын мен болаттың құрамы мен қасиеттерін салыстыру
- 9.2.3.2 Қоспаның белгілі бір массалық үлесін құрайтын, басқа заттың массасы белгілі жағдайда реакция теңдеуі бойынша зат массасын есептеу

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Металдық кристалдық тор туралы білімі негізінде металдардың қасиетін түсіндіреді
- Эксперименттік деректерді салыстырады және металдардың негізгі химиялық қасиеттерін анықтайды
- Құймаларды қолданудың артықшылығын түсіндіреді
- Шойын және болаттың құрамын салыстырады
- Құрамында қоспасы бар реагенттің бастапқы массасы бойынша таза металдың массасын есептейді

Ойлау деңгейі

дағдыларының


Білу және түсіну
Қолдану

Орындау уақыты


20 минут

Тапсырма


1. а)Төмендегі суреттердің қайсысында металдық кристалл тор көрсетілгенін анықтаңыз:




A



B



C




D

- б) Металдық кристалл торы бар зат қандай физикалық қасиеттерге ие болатынын көрсетіңіз:

--	--	--	--

2. Суретте ұнтақ тәрізді металға артық мөлшердегі сұйытылған тұз қышқылын қосқан кезде бөлінген сутек көлемін өлшеуге арналған құрылғы көрсетілген. Газ көлемі бөлме температурасы мен тығыздығында өлшенген.



Тәжірибе сол массадағы ұнтақтармен, бірақ әртүрлі металдармен үш рет қайталанды:

- * таза магний
- * таза мырыш
- * магний мен мырыш қоспасы

Қай металл ұнтағы реакция нәтижесінде сутек газының ең үлкен және ең кіші көлемін береді?

Сутектің көлемі ең үлкен	Сутектің көлемі ең аз

3. Адамзат дамуының тарихында тас құралдарынан металлға көшу үлкен маңызға ие болды. Металл бойынша ежелгі шеберлер әр түрлі заттарды дайындау үшін қолданылған қорытпаларды өңдеу тәсілдері мен құрамдарының сипаттамасын қалдырмады. Мысалы, антикалық Грецияда, Рим империясында, Таяу және Орта Шығыста және Үндістанда қолданылған көркем бұйымдарды құю үшін қола мен жезді кеңінен қолдануға ие болды.



а) қола және жездің тарихи қорытпаларының құрамын жазыңыз:

Қола: _____

Жез: _____

(i) Таза металдардан құймалардың ерекше қасиеттерін сипаттаңыз:

(ii) қазіргі уақытта жоғарыда көрсетілген тарихи қорытпаларды қолдану саласының бірін көрсетіңіз:

б) Шойын – темірдің көміртепен құймасы. Жақсы құйылатын қасиетке ие және темірге қарағанда біршама қатты.

i) Құймалардың таза металдарға қарағанда көбірек қолданылуының себебіне 2 мысал келтіріңіз: _____

ii) Шойын мен болат- темірдің көміртепен құймалары. Осы құймалардың құрамын жаз:

шойын: _____


болат: _____

4. Кестеде темір – шойын және болаттың негізгі тұжырымдамасы келтірілген. Берілген тұжырымдаманы сәйкестендіріңіз:

Шойын		Болат
	a) көміртегі мөлшері 2,14 кем емес % b) көміртегі мөлшері 0,02-ден 2,14-ке дейінгі диапазонда % c) амортизаторлар, машина бөлшектерін жасау үшін қолданылады d) көркем сәулет құю саласында қолданылады;	

5. а) Р заты сұйылтылған тұз қышқылымен әрекеттесу нәтижесінде газ түзілді. Бұл газ Q мөлшерін азайтады. Берілген кестедегі заттар тізімін пайдалана отырып, Р және Q заттарын анықтаңыз:

Р	Q
Мыс	Мыс (II) оксиді
Қорғасын	Қорғасын (II) оксиді
Магний	Мырыш оксиді
Мырыш	Мыс (II) оксиді



Р заты	Q заты

б) Құрамында 8% қоспасы бар, 24 г металл оксидінен (QO) алынған Q металының массасын есептеңіз.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Металдық кристалдық тор туралы білімі негізінде металдардың қасиетін түсіндіреді	1 а	келтірілген тізбеден металдық кристалды торды анықтайды;	1
	1 б	металдық кристалл торы бар заттардың физикалық қасиеттерін көрсетеді;	1
Эксперименттік деректерді салыстырады және металдардың негізгі химиялық қасиеттерін анықтайды	2	сутегінің ең үлкен көлемінің бөлінуіне әкелетін металл/қоспаны көрсетеді;	1
		сутегінің ең аз көлемінің бөлінуіне әкелетін металл/қоспаны көрсетеді;	1
Құймаларды қолданудың артықшылығын түсіндіреді	3 а	қоланың құрамын көрсетеді;	1
		жездің құрамын көрсетеді;	1
		таза металдардан құймалардың ерекшеленетін белгілерін сипаттайды;	1
		құймалардың қолдану салаларының біреуін көрсетеді;	1
Шойын және болаттың құрамын салыстырады	4	таза металдармен салыстырғанда құймаларды қарқынды пайдаланудың екі себебін көрсетеді;	1
		шойынның құрамын көрсетеді;	1
		болаттың құрамын көрсетеді;	1
Құрамында қоспасы бар реагенттің бастапқы массасы бойынша таза металдың массасын есептейді	5	эксперименттік деректер бойынша Р затын анықтайды;	1
		эксперименталды деректер бойынша Q затын анықтайды;	1
		есептеу үшін химиялық реакцияның теңдеуін құрастырады;	1
		формуланы пайдалана отырып таза оксидтің (Q) массасын есептейді;	1
		Q металдың массасын есептейді.	1
Барлығы			16

**9.2В «Металдар мен құймалар» бөлімі бойынша
жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Металдық кристалдық тор туралы білімі негізінде металдардың қасиетін түсіндіреді;	Металдық кристалдық тор туралы білімі негізінде металдардың қасиетін түсіндіргенде қиналады. ☐	Келтірілген тізбеден металдық кристалды торды анықтағанда/ металдық кристалл торы бар заттардың физикалық қасиеттерін көрсеткенде қателіктер жібереді. ☐	Металдық кристалдық тор туралы білімі негізінде металдардың қасиетін түсіндіреді. ☐
Эксперименттік деректерді салыстырады және металдардың негізгі химиялық қасиеттерін анықтайды;	Эксперименттік деректерді салыстырады және металдардың негізгі химиялық қасиеттерін анықтағанда қиналады. ☐	Сутегінің ең үлкен /ең аз көлемінің бөлінуіне әкелетін металл/қоспаны көрсеткенде қателіктер жібереді. ☐	Эксперименттік деректерді салыстырады және металдардың негізгі химиялық қасиеттерін анықтайды. ☐
Құймаларды қолданудың артықшылығын түсіндіреді;	Құймаларды қолданудың артықшылығын түсіндіргенде қиналады. ☐	Қоланың / жездің құрамын көрсеткенде/ таза металдардан құймалардың ерекшеленетін белгілерін сипаттағанда/ құймалардың қолдану салаларының біреуін көрсеткенде қателіктер жібереді. ☐	Құймаларды қолданудың артықшылығын түсіндіреді. ☐

Шойын және болаттың құрамын салыстырады;	Шойын және болаттың құрамын салыстырғанда қиналады. ☐	Таза металдармен салыстырғанда құймаларды қарқынды пайдаланудың екі себебін көрсеткенде/ шойынның/болаттың құрамын көрсеткенде қателіктер жібереді. ☐	Шойын және болаттың құрамын салыстырады. ☐
Құрамында қоспасы бар реагенттің бастапқы массасы бойынша таза металдың массасын есептейді;	Құрамында қоспасы бар реагенттің бастапқы массасы бойынша таза металдың массасын есептептегенде қиналады. ☐	Эксперименттік деректер бойынша P/ Q затын анықтағанда/-есептеу үшін химиялық реакцияның теңдеуін құрастырғанда/ формуланы пайдалана отырып таза оксидтің (Q) массасын есептегенде/ Q металдың массасын есептептегенде қателіктер жібереді. ☐	Құрамында қоспасы бар реагенттің бастапқы массасы бойынша таза металдың массасын есептейді. ☐

9.2С «1 (I), 2 (II) және 13 (III) топ элементтері және олардың қосылыстары» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты

- 9.2.1.3-1 (I)–ші және 2 (II)-топ металдарының жалпы қасиеттерін салыстыру және реакция теңдеулерін құрастыру
- 9.2.1.4 Кальций оксиді мен гидроксидінің негіздік қасиеттерін түсіндіру және қолданылуын сипаттау
- 9.2.1.5 Атом құрылысы негізінде алюминийдің қасиеттерін түсіндіру, оның маңызды қосылыстары мен құймаларының қолдану аймағын атау
- 9.2.1.6 Алюминий, оның оксиді мен гидроксидінің екідайлы қасиеттерін зерттеу

Бағалау критерийі

Білім алушы

- 1 және 2 топтағы металдардың жалпы қасиеттерін салыстырады және реакция теңдеулерін құрастырады
- Кальций оксиді мен гидроксидінің негіздік қасиеттерін және қолданылуын түсіндіреді
- Алюминийдің кристалл торының құрылымдық бөліктерін ажыратады және осы құрылыстың негізінде оның қолданылуын түсіндіреді
- Алюминий оксидінің балқымасының электролизі арқылы алюминийді алудың реакция теңдеуін құрастырады

Ойлау деңгейі

дағдыларының

Білу және түсіну
Қолдану

Орындау уақыты


20 минут

Тапсырма

1. Периодтық кестедегі I топ элементтеріне литий, натрий, калий және рубидий элементтері жатады.

(a) Неліктен калий керосин ішінде сақталатындығын түсіндіріңіз.

(b) Калий ауада өздігінен тұтанады.



(i) Калийдің ауада жануының реакция теңдеуін жазып, оны теңестіріңіз.

(ii) Калий сонымен қатар хлормен де өздігінен реакцияға түседі. Калий мен хлордың арасындағы реакция теңдеуін жазыңыз.

(с) Калий ыстық сумен әрекеттескенде калий гидроксиді мен сутек газы түзіледі. II топ элементтерінің бірі магний ыстық сумен әрекеттеседі ме? Әрекеттесетін болса қандай өнім(дер) түзетінін реакция теңдеуі арқылы жазып көрсетіңіз:

2. Арман үйін сырлау үшін базардан сөндірілген әк, көк түсті бояу және ацетон сатып алды.


(а) Арман әк суының Ca(OH)_2 ерітіндісін дайындау үшін сөндірілген әкке (Ca(OH)_2) қандай еріткіш қолданады?

Еріткішті таңдаудың себебін түсіндіріңіз:

(b) Кальций гидроксидінің, Ca(OH)_2 (с.е.) электролиттік диссоциация механизмін жазыңыз:

3. Алюминий табиғатта көп тараған металл. Ол таза және құйма күйінде қолданылады.

(а) Алюминийдің физикалық қасиетін, металдық байланыс тұрғысынан сипаттауға болады. Таза алюминийдің құрылымдық диаграммасы төменде көрсетілген:



(i) Таңбаланған диаграмманы қолданып алюминийдің металдық байланысына сипаттама беріңіз:

(ii) Алюминий электр сымдарын жасау үшін қолданылады, себебі алюминий жақсы электр өткізгіш. Неліктен алюминий электр тогын жақсы өткізетіндігін түсіндіріңіз:

(b) Дюралюминий құймасының құрамы 95% алюминий және 4 % мыстан тұрады.

(i) Дюралюминий құймасының, алюминийге ұқсас құрылымдық диаграммасын

салып көрсетіңіз:

--

(ii) Неліктен таза алюминий жұмсақ және майысқақ болып келеді де, дюралюминий құймасы қатты және берік болып келетіндігін түсіндіріңіз:

(с) Павлодар алюминий зауытында жыл сайын алюминий кенінен шамамен 250 мың тоннадай алюминий өндіріледі. Егер Павлодар алюминий зауыты алюминий өндіруде қайта өңдеу әдісін жүзеге асыратын болса оның бір артықшылығы мен бір кемшілігін жазыңыз:

4. Алюминийдің жер қыртысында тек қосылыстар құрамында кездеседі.

(a) Алюминийді қай кенінен алады?

Алюминийді алу үрдісінде криолит деп аталатын қоспа қосады.

(b) Алюминий өндіру кезінде криолиттің маңызы қандай?

Алюминий оксиді балқымасынан электр тогы өткізілді.

(с) Катодта қандай үрдіс жүзеге асады? Реакция теңдеуін жазыңыз:

(d) Анодта қандай үрдіс жүзеге асады? Реакция теңдеуін жазыңыз:

(e) Алюминий оксиді электролизінің молекулалық теңдеуін жазып, реакцияны теңестіріңіз:

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
1 және 2 топтағы металдардың жалпы қасиеттерін салыстырады және реакция теңдеулерін құрастырады	1	сілтілік металдардың керосин қабатының астында сақтау себептерін олардың химиялық белсенділігіне сүйене отырып түсіндіреді;	1
		ауадағы калий жануының теңестірілген теңдеуін құрастырады;	1
		калийдің газ тәрізді хлормен өзара әрекеттесуінің теңестірілген теңдеуін құрастырады;	1
		кальцийдің сумен әрекеттесуінің теңестірілген теңдеуін құрастырады;	1
Кальций оксиді мен гидроксидінің негіздік қасиеттерін және қолданылуын түсіндіреді	2	сөндірілген әкті дайындау үшін қолданылатын еріткішті көрсетеді;	1
		еріткішті қосу мен еріткіштің түріне сүйене отырып таңдау себебін түсіндіреді;	1
		кальций гидроксидінің диссоциациялану теңдеуін құрастырады;	1
Алюминийдің кристалл торының құрылымдық бөліктерін ажыратады және осы құрылыстың негізінде оның қолданылуын түсіндіреді	3	элементар бөлшектер көрсетілген таза алюминий кристалл торына сипаттама береді;	1
		өлшемі мен пішіні көрсетілген таза алюминийдің кристалл торына сипаттама береді;	1
		кристалды тордың ерекшелігін ескере отырып, алюминийдің электр өткізгіш қасиеттерін түсіндіреді;	1
		дюралюминий құймасының диаграммасын жасайды;	1
		таза алюминий мен оның құймасының физикалық қасиеттеріндегі айырмашылықтарын түсіндіреді;	1
